

## Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 225 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 маусымда № 9508 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспесі жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 20.01.2021 № 18 (ресми жарияланған бірінші күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде жариялауды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.02.2015 № 154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің төрағасына (В.В. Петров) жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.02.2015 № 154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

4. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

B. Божко

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2014 жылғы 16 мамырдағы  
№ 225 бүйрығымен  
бекітілген

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидалары**

**Ескерту. Қағидалары жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.02.2024 № 38 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

**1. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:**

1) уәкілетті органның жедел резерві - белгілі бір номенклатура мен көлемдегі техника және материалдық құндылықтар (бұдан әрі - материалдық құндылықтар), оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бүйымдардың запастары;

2) жедел резервтен материалдық құндылықтарды шығару (пайдалану) - төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен халыққа шұғыл көмек көрсету үшін, сондай-ақ оқу-жаттығулар, машиқтанулар және әзірлікті тексеру барысында зардап шеккен халық үшін іс жүзінде лагерьді өрістетуді жүргізу үшін жаңарту тәртібінде жедел резервтен материалдық құндылықтарды алып қою;

3) жедел резервке материалдық құндылықтарды салу – жедел резервте сақтау үшін материалдық құндылықтарды қабылдау;

4) жедел резервтің материалдық құндылықтары, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бүйымдар - белгілі бір номенклатура мен көлемдегі төтенше жағдайлар туындаған кезде зардап шеккен халықтың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз етуге арналған қажетті тауарлар;

5) жедел резервтің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу - мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қою, сақтау, ұстау, шығару және жаңарту;

6) жедел резервті жаңарту - жедел резервтен материалдық құндылықтарды оларды сақтауға белгіленген мерзім өткенге дейін жедел резервке сондай мөлшердегі және тақылеттес сападағы құндылықтарды сонымен бір мезгілде немесе уақыт алшақтығымен сала отырып шығару;

7) жедел резервке материалдық құндылықтарды жеткізу (толықтыру) - жедел резервтің материалдық құндылықтарын сатып алу және оларды сақтау пункттеріне жеткізу;

8) жедел резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері - жедел резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды жүзеге асыратын занды тұлғалар;

9) жедел резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру - материалдық құндылықтарды сақтау орнынан қолдану орнына дейін және кері тікелей мақсаты бойынша тасымалдау;

10) жедел резервтің үйлестірушісі – жедел резервтің материалдық құндылықтарымен операция жүргізуге бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті;

11) жедел резервтің материалдық құндылықтарын ұсташа - жедел резервтің материалдық құндылықтарын тиісті жағдайда ұсташаға бағытталған пайдалану және жөндеу жөніндегі қызмет.

## **2-тaraу. Уәкілетті орган жедел резервін құру және пайдалану**

2. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резерві алдын ала құрылады және төтенше жағдай аймағындағы халыққа бірінші кезекте тіршілікті қамтамасыз етуге және шұғыл медициналық көмек көрсетуге, Қазақстан Республикасы аумағында авариялық-құтқару жұмыстарын қамтамасыз етуге пайдаланады.

## **3-тaraу. Уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтармен операция жүргізу**

3. Жедел резервке материалдық құндылықтарды жеткізу (толыктыру) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 22 ақпандағы № 56 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26870 болып тіркелген) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен көлемімен қатаң сәйкестікте жүргізіледі.

4. Жедел резервтің материалдық құндылықтарын сатып алу кезекті қаржы жылына тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

5. Жедел резервке жеткізілетін материалдық құндылықтар стандарт талаптарына, техникалық шарттарға жауап береді, ұзак мерзім сақтауға дайын, ал олардың сапалық жағдайы сертификаттармен, өнім паспорттарымен, сынақ хаттамаларымен немесе басқа тиісті құжаттармен расталады.

6. Жедел резервтің материалдық құндылықтары:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар – Министрліктің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – "Апаттар медицинасы орталығы" ММ) филиалдарында;

2) техника, шатырлар, шаруашылық мұлкі, заттай мұлік, гигиеналық құралдар – Министрліктің азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық органдарында сақталады.

7. Жедел резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды ұйымдастыру олардың орнын ауыстыруға әзірлігін, сондай-ақ осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес зардал

шеккен халыққа арналған шатырлы қалашықтың құрылымына сәйкес зардап шеккен халық үшін шатырлы қалашықты өрістетуді қамтамасыз етеді.

8. "Апарттар медицинасы орталығы" ММ филиалдары, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық органдары сақтауда жатқан жедел резервтің материалдық құндылықтарының сапалық және сандық сақталуына жауапкершілікте болады.

9. Жедел резервті шығару (пайдалану) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің немесе оның міндетін атқаратын тұлғаның шешімімен жүзеге асырылады.

10. Жедел резервтен материалдық құндылықтарды шығару (пайдалану):

төтенше жағдайларда зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету және бірінші кезектегі тіршілікті қамтамасыз ету;

жаңартуға байланысты;

оку-жаттығулар, машиқтанулар және әзірлікті тексеру барысында зардап шеккен халыққа лагерьді өрістету бойынша жеке құрамның іс-қимылдарын іс жүзінде пысықтау жағдайларында жүзеге асырылады.

11. Жедел резервтің материалдық құндылықтарын сандық есепке алууды, қолдануды үйімдастыруды, операция жүргізуді, олардың орнын ауыстыруды, жаңартуды, пайдалануды, толықтыруды жүргізуді жедел резервтің үйлестірушісі жүзеге асырады.

12. Пайдаланылған жедел резервтің материалдық құндылықтары республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеуге жатады.

13. Мақсаты бойынша пайдаланғаннан кейін техника, шатырлар, шаруашылық мүлкі, байланыс құралдары тиісті техникалық қызмет көрсетуге (жөндеуге) және одан әрі жедел резервке салуға жатады.

14. Жедел резервтің материалдық құндылықтарын сақтау орындарынан мақсаты бойынша пайдалану орындарына дейін және кері орнын ауыстыру Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің немесе оның міндетін атқаратын тұлғаның шешімі бойынша көлік құралдарымен жүзеге асырылады.

15. Жедел резервтегі материалдық құндылықтар азаматтық қорғаныс іс-шараларын үйімдастыру және жүргізу саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомство басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімі негізінде, сақтау мерзімі, жарамдылық мерзімі аяқталған және (немесе) тозуына байланысты, сондай-ақ оларды ұзақ сақтау мерзімі бар ұқсас материалдық құндылықтармен бір мезгілде алмастыру арқылы жаңартылады.

Бұл ретте жаңартылған жедел резервтегі материалдық құндылықтар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары мен әскери бөлімдерінің бөлімшелеріне (қызметтеріне) қызметтік қызметте пайдалану үшін беріледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.04.2025 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Жедел резервтің материалдық құндылықтарын уақытында жаңарту жауапкершілігі "Апаттар медицинасы орталығы" ММ басшыларына және азаматтық қорғаныс өскери бөлімдерінің командирлеріне және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық органдарының бастықтарына жүктеледі.

Жаңарту осы Қағиданың 15 тармағына сәйкес көзделген адамның шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 567 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11808 болып тіркелген) Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық бөлімшелеріне және ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелеріне жәрдем көрсетуі үшін материалдық-техникалық жарақтандыру, ғимараттар мен құрылыштарды салу, реконструкциялау және жөндеу тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

17. Жедел резервтің материалдық құндылықтарының жарамдылық (сақтау) мерзімдері аяқталу кезеңінде немесе мақсатқа сай пайдаланғаннан кейін "Апаттар медицинасы орталығы" ММ басшылары, азаматтық қорғаныс өскери бөлімдерінің командирлері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық органдарының бастықтары жедел резервті үйлестірушінің атына оларды жаңартуға өтінім береді, онда жаңартуға жататын материалдық құндылықтарды жаңарту себебі, олардың тізбесі, көлемі (саны) және құны көрсетіледі

Пайдаланған кезде жедел резервтің материалдық құндылықтарының толық тозуы себебі бойынша шекті, жарамсыз жай-күйде болған жағдайда өтінімдерге одан әрі материалдық құндылықтарды қолдануға жарамсыздығы туралы комиссияның қорытындысымен техникалық жай-күйінің тиісті актілері қоса беріледі. Техникалық жай-күйі актілеріне шекті, жарамсыз жай-күйді растайтын фотографияларды қоса алғанда, қажетті материалдар қоса беріледі.

18. Жедел резервтегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 250-бабына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидаларының "Корларды есепке алу тәртібі" 8-тарауына сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6443 тіркелген).

Сақтау мерзімі мен жарамдылық мерзімі аяқталған сайын, жедел резервтегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жарамдылық мерзімінің қалдығын ескере отырып, "Апаттар медицинасы орталығы" ММ филиалдарының медициналық бригадаларының құнделікті қызметінде пайдалану үшін беріледі:

негізгі жарамдылық мерзімі 2 (екі) жылдан кем болған жағдайда – жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын беріледі;

негізгі жарамдылық мерзімі 2 (екі) жыл және одан көп болған жағдайда – жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын беріледі.

Бұл ретте дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жедел резервті ұзак жарамдылық мерзімі бар ұқсас дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен бір мезгілде толықтырусыз алынбайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.04.2025 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Азаматтық коргау саласындағы  
үәкілдепті орган жедел резервінің  
материалдық құндылықтарымен  
операция жүргізу, олардың  
орнын ауыстыру, пайдалану,  
толықтыру қағидаларына  
қосымша

### **Зардал шеккен халыққа арналған шатырлы қалашығының құрылымы**

**Ескерту. Қағидалары қосымшамен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.02.2024 № 38 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

p/c №	Шатыр қалашығының әкімшілігі	Адам саны
	Әкімшілік	
1.	Шатырлы қалашығының бастығы	1
2.	Шатырлы қалашығы бастығының әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары	1
3.	Шатырлы қалашығы бастығының МТКЕ жөніндегі орынбасары	1
4.	Жедел қызметкерлері	2
	Қарсы алу және тіркеу пункті	
5.	Пункт бастығы	1
6.	Техникалық қызметкерлер – патруль	4
	Медициналық тексеру пункті	
7.	Пункт бастығы	1
8.	Дәрігер - хирург	1
9.	Дәрігер - терапевт	1
10.	Дәрігер - педиатр	1
11.	Медбике	2
	Тарату пункті	
12.	Пункт бастығы	1
13.	Техникалық қызметкерлер	4

	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету пункті	
14.	Пункт бастығы - комендант	1
15.	Техникалық қызметкерлер	8
	Тылдық және материалдық қамтамасыз ету пункті	
16.	Пункт бастығы	1
17.	Қоймашылар	2
18.	Техникалық қызметкерлер	2
	Асхана (су тарату пункті)	
19.	Аспазшы	3
20.	Шаруашылық қызметкерлері	5
	Байланыс пункті	
21.	Техникалық қызметкерлер	2
	Өрт сөндіру бекеті	
22.	Қызметкерлер	4
	Автопарк	
23.	Автопарк күзеті	4
24.	Жүргізушилер	19
	Барлығы	72

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК